«ЖАББӨЗ» РМҚК
Көрсетілген құжатқа № 307
«12» 09 2023 ж.

Жарылгасинов Т.

Ақпарат парағына
қарағаны үшін рахмет.

Директордың м.у.а. Б. Мұхатжиев

АТЫРАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АУДАНАРАЛЫҚ
ЭКОНОМИКАЛЫҚ СОТЫ

СПЕЦИАЛИЗИРОВАННЫЙ
МЕЖРАЙОННЫЙ ЭКОНОМИЧЕСКИЙ
СУД АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

060000, Қазақстан Республикасы, Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

060000, Республика Казахстан, Атырауская область, город Атырау, улица Сатпаева, 3А, тел: +7 (7122) 21-57-97;
факс: +7 (7122) 21-57-97 ; email: 060202@sud.kz

08.09.2023 № 2301-23-5-21/11657

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің «Жайық - Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

(ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ қаласы, село Жаңаталап, АТЫРАУ-ДАМБЫ, строение 140)
телф. 8(702)533-52-25

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Сізге, талап қоюшы «Жайық-Атырау бекіре-балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының жауапкер «Сырым Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 9 950 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы бойынша 2023 жылғы 05 шілдесі шығарылған шешімнің «Сырым Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және «Сырым Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Жайық-Атырау бекіре-балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының пайдасына 9 950 (тоғыз мың тоғыз елү) теңге тұрақсыздық айыбы, 298 (екі жүз тоқсан сегіз) теңге мемлекеттік баж өндіру туралы бөліктерін орындау үшін жолдайды:

Қосымша: атқару парағының түпнұсқасы- 1 дана;
шешім көшірмесі 1 дана.

Аудандық және оған теңестірілген соттың судьясы **О.Даурешова**

Орынд.: Динжанова А. М.
тел.: *8-7122-21-57-62, 712-2464@sud.kz*

Құжатқа қол қойылған: ДАУРЕШОВА О. Ш., 08.09.2023 14:05

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты

Специализированный межрайонный экономический суд Атырауской области

АТҚАРУ ПАРАҒЫ

№ 2301-23-00-2/1218-1

Атырау облысы, Атырау қаласы, Сәтпаев даңғылы, 3

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты 05.07.2023 ж. талап қоюшы

Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің «Жайық - Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

(талапкерлердің Т.А.Ә)

"СырымИнжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

(жауапкерлердің Т.А.Ә.)

соманы өндіріп алу туралы

(орындалу нысанасы)

талап арызы бойынша азаматтық ісін қарап,

Шешім етті/Ұйғарым етті: «Сырым Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Жайық-Атырау бекіре-балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорынын пайдасына 9 950 (тоғыз мың тоғыз елу) теңге тұрақсыздық айыбы, 298 (екі жүз тоқсан сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімінің заңды күшіне енуі күні - 21.08.2023 жылы.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 76-бабының 3-ші бөлігіне, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 21-бабынын екінші бөлігіне сәйкес заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулыларымен бұйрықтары, сондай-ақ соттар мен судьялардың заңды өкімдері, талаптары, тапсырмалары, шақырулары мен басқа да жолданыстары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін бірдей міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс. Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 241-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешім, дереу орындалатын жағдайлардан басқа, ол заңды күшіне енгеннен кейін, заңмен белгіленген тәртіп бойынша орындалады. Дереу орындауға жататын сот шешімдері Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 243-бабында көрсетілген.

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы»

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1 тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

*штрих-код "Торелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді қамтиды.
*штрих-код содержит данные, полученные из информационной системы "Торелік"

Қазақстан Республикасы Заңының 128-бабына сәйкес сот орындаушысының заңды талаптары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін өзі басқару органдары, азаматтар мен ұйымдар үшін міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс.

Осы атқару парағының негізінде **Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты жылы** осыған қатысты барлық лауазымды адамдар мен азаматтарды, сот ШЕШІМІН уақытылы және дәл орындауды міндеттейді.

Барлық мемлекеттік және лауазымды адамдар сот шешімін орындау кезінде сот орындаушысына көмек көрсетуге міндетті.

Атқару парағы аса маңызды құжаттар есебінде сақталуға жатады: тапсырыс хатпен жолданады, жауапкердің қолына берілмейді, жауапкер жұмыс орнынан босатылған жағдайда атқару парағын кәсіпорынның әкімшілігі сот орындаушысына кері қайтарады немесе оның жазбаша сұранысы бойынша беріледі.

Өндірушінің толық атауы және мекенжайы:

Өндірушінің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оның тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер өндіруші заңды тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрінен мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компанияның атауы: Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігі Балық шаруашылығы комитетінің «Жайық - Атырау бекіре балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны

БСН: 120140013346

Тіркеу мерзімі:19.01.2012

Меншік нысаны: Мемлекеттік меншік

Банк реквизиттері: "Қазақстан Халық банкі" АҚ , KZ656010141000154800

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ, АТЫРАУ, село Жаңаталап, АТЫРАУ-ДАМБЫ строение 140

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, АТЫРАУ, АТЫРАУ, село Жаңаталап, АТЫРАУ-ДАМБЫ строение 140

Жауапкердің толық атауы және мекенжайы

Жауапкердің Т.А.Ә., оның тұрғылықты немесе орналасқан жері (мекенжайы), оны тұрғылықты жері бойынша тіркелуі және салық төлеушінің нөмері (егер жауапкер заңд тұлға болса, оның атауы, нақты орналасқан жері немесе бірыңғай мемлекеттік регистрін мәлімет, банк реквизиттері және салық төлеушінің тіркеу нөмері)

Компанияның атауы: "СырымИнжиниринг" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БСН: 141140018746

Тіркеу мерзімі:20.11.2014

Меншік нысаны: Жеке меншік

Банк реквизиттері: "Kaspi Bank" АҚ, KZ44722S000010387071

Нақты менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, БАТ-ҚАЗАҚСТАН, ОРАЛ, улица Циолковского 1/ 1, кв.7

Заңды менкенжайы: ҚАЗАҚСТАН, БАТ-ҚАЗАҚСТАН, ОРАЛ, улица Циолковского 1/ 1, кв.7

Осы құжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының тармағына сәйкес.
Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажн

удандық және оған теңестірілген соттың
удьясы — Дауренова Оксана Шакимардановна

удандық және оларға теңестірілген сот
кімшісінің сот отырысының бас маманы
атшысы — Динжанова Алмагуль Мухиденовна

Шығарылу күні 08.09.2023 жыл

ұжат "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 7 қаңтардағы № 370-II Заңы 7 бабының 1
тыпа сәйкес.
й документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном
еле.

х-код "Төрелік" ақпараттық жүйесінен алынған және соттың сот хатшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылған деректерді камтиды
х-код содержит данные, полученные из информационной системы "Төрелік" и подписанные электронно-цифровой подписью

КӨШІРМЕ
КОПИЯ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 5 шілде №2301-23-00-2/1218 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Ш.Т.Мұхтаудың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жайық-Атырау бекіре-балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

ЖАУАПКЕР:
«Сырым Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. 9 950 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор М.Қызтаубаева
Талап қоюшы өкілі Т.Жарылқасынов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылғы 10 сәуірде мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде талап қоюшы мен жауапкер арасында мемлекеттік сатып алу туралы №31 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Тауардың құны 497 500 теңге деп белгіленген.

2023 жылғы 10 сәуірдегі №31 келісім шарттың 1-қосымшасына сәйкес дефектоскопиялық жұмыстар (оның ішінде буксир/өздігінен жүретін «Шабақ», буксир/өздігінен жүретін «Сүйрік қайықтардың сымдарды оқшалау кедергісін тексеру өлшеу және дейдвуд қысқышы мен консольдегі тіректер арасындағы учаскенің ескекті бұрандасын тексеру жөніндегі қызметтер») жұмыстарды қызмет көрсету мерзімі келісім шартқа қол қойған күннен бастап 30 күнтізбелік күн мерзімді құрайды. Яғни тауарды жеткізудің мерзімі 2023 жылғы 10 мамыр. Алайда, «Сырым Инжиниринг» жауапкершілігі

шектеулі серіктестігімен күні бүгінге дейін қызмет жұмыста орындалмаған.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары тиісті түр толық көлемінде орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосыкс қатысушы деп тануды және 9 950 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты м орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және іс өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкерді қатысуынсыз қаралды.

Прокурор М.Қызтаубаева талап арыз қанағаттандыруға жататын қортынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талабы бойынша.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімдерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері тиісті түрде орындалмай, қызмет жұмыстары орындалмаған, шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдары болғанын, өйткені аталған міндеттемелер пайдалану үшін қолданылатын қажетті қызмет болғанын айтып өтті.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

№2 талабы бойынша.

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып

төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Шарттың 7.3. тармағына сәйкес тапсырыс беруші өнім берушіден өз міндеттемелерін толық немесе міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайда 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алады.

Осы нормаға сүйеніп, талап қоюшы сотқа табысталған есепке сай жауапкерден орындалмаған 20 күнге есептелген 9 950 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұрады.

Сот талап қоюшының есебін тексеріп, оның дұрыс жасалғандығын айқындады.

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерден 9 950 теңге тұрақсыздық айыбы сомасын өндіру туралы талабы қанағаттандыруға жатады.

АПК-тің 109-бабына сәйкес жауапкерден талап коюшының пайдасына 298 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 725 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Жайық-Атырау бекіре-балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының жауапкер «Сырым Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану, 9 950 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талабы қанағаттандырылсын.

«Сырым Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Сырым Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен «Жайық-Атырау бекіре-балық өсіру зауыты» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорының пайдасына 9 950 (тоғыз мың тоғыз елу) теңге тұрақсыздық айыбы, 298 (екі жүз тоқсан сегіз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

«Сырым Инжиниринг» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар

өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Көшірмесі дұрыс

Судья О.Ш.Даурешова

Анықтама: Шешім заңды күшіне 2023 жылғы 21 тамызда енді.

Судья О.Ш.Даурешова

«3» бетте пронумерленген, прошито и скреплено печатью
Судья О.Ш.Даурешова

23-3-1/1389